

**"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271
Жарлығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 557 Жарлығы
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті мен Үкіметі актілерінің
жинағында жариялануға тиіс

«Қазақстан Республикасының Президенті туралы» 1995 жылғы 26 желтоқсандағы
Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 17-1-бабы 2-тармағының 1)
тармақшасына және «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы» 2006
жылғы 5 маусымдағы Қазақстан Республикасы заңының 5-бабы 2-тармағының 1)
тармақшасына және 6-бабының 1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту
туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271
Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 50, 640-құжат; 2005 ж.
, № 39, 555-құжат; 2006 ж., № 35, 373-құжат; 2007 ж., № 42, 479-құжат; 2008 ж., № 3, 38
-құжат; № 35, 364-құжат; 2009 ж., № 15, 106-құжат; № 55, 446-құжат; 2011 ж., № 29,
352-құжат; № 34, 408-құжат; № 52, 710-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
т у р а л ы е р е ж е д е :

17-тармақтың 79) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«79) қаржы орталығының қатысушылары-заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) жүзеге асырады, қаржы орталығының қатысушысы-заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамалар береді (Өңірлік қаржы орталығы туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 1) тармақшасы, 6-бабының 1) тармақшасы);».

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н.Назарбаев